

ISSN (Print) 2616-678X  
ISSN (Online) 2663-1288

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

# ХАБАРШЫСЫ

---

---

## BULLETIN

of L.N. Gumilyov  
Eurasian National University

## ВЕСТНИК

Евразийского национального  
университета имени Л.Н. Гумилева

**ФИЛОЛОГИЯ** сериясы  
Серия **ФИЛОЛОГИЯ**  
**PHILOLOGY** Series

**№1(126)/2019**

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Астана, 2019

Astana, 2019

---

---

Бас редакторы **Дихан Қамзабекұлы**  
*филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі (Қазақстан)*

Бас редактордың орынбасары **Шолпан Жарқынбекова**  
*филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)*

**Редакция алқасы**

Аскер оғлы Рамиз	Ф.ғ.д., проф. (Әзербайжан)
Ақматалиев Абдылдажан	Ф.ғ.д., проф. (Қырғызстан)
Бахтикиреева Улданай	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Беженару Людмила	Ф.ғ.д. проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргүл	Ф.ғ.к., (Қазақстан)
Біжкенова Айгүл	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жақыпов Жантас	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Журавлева Евгения	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жаң Динжиң	PhD, проф. (Қытай)
Ескеева Мағрипа	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Ержласун Гүлжанат	PhD, ассоц. проф. (Түркия)
Қасқабасов Сейіт	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Негимов Серік	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нұрғали Қадиша	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нуриева Фануза	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	Ф.ғ.д., проф. (Германия)
Рахманов Носимхан	Ф.ғ.д., проф. (Өзбекстан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (АҚШ)
Сәтенова Серікгүл	Ф.ғ.д. проф. (Қазақстан)
Султанов Казбек	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Тәжібаева Сәуле	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хисамитдинова Фирдаус	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Башқұртстан)
Чернявская Валерия	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Шәріп Амантай	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Шәріпова Гүлбану	Ф.ғ.к., доцент м.а. (Қазақстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Түркия)
Янковский Генрих	PhD, проф. (Польша)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қ.Сәтбаев к-сі, 2, 408 б.

Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31-413)

**E-mail: vest\_phil@enu.kz**

Жауапты редактор, компьютерде беттеген: Илияс Құрманғалиев

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы**  
Меншіктенуші: ҚР БжҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК  
ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018 ж. №16996-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.  
Мерзімділігі: жылына 4 рет.  
Тиражы: 35 дана  
Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі, 12/1, тел.: +7(7172)709-500 (ішкі 31413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

---

---

Editor-in-Chief **Dihan Kamzabekuly**  
*Doctor of philology, academician of NAS RK (Kazakhstan)*

Deputy Editor-in-Chief **Zharkynbekova Sholpan**  
*Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)*

**Editorial board**

Asker ogly Ramiz	Doctor of philology, Prof. (Azerbaijan)
Akmataliyev Abdildajan	Doctor of philology, Prof. (Kyrgyzstan)
Bakhtikireeva Uldanai	Doctor of philology, Prof (Russia)
Beisembayeva Zhanargul	Can. of philology, (Kazakhstan)
Bezhenaru Lyudmila	Doctor of philology, Prof (Romania)
Bizhkenova Aigul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Chernyavskaya Valeriya	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Erzhiasun Güljanat	PhD, assos. Prof (Turkey)
Yeskeyeva Magripa	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Henryk Jankowski	PhD, Prof. (Poland)
Kaskabassov Seit	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Khisamitdinova Firdaus	Doctor of philology, Prof. (RF, Bashkortostan)
Metin Ekiji	PhD, Prof. (Turkey)
Negimov Serik	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurgali Kadisha	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurieva Fanuza	Doctor of philology, Prof. (RF, Tatarstan)
Reichl Karl	Doctor of philology, Prof. (Germany)
Rakhmanov Nasimhon	Doctor of philology, Prof. (Uzbekistan)
Rivers William Patrick	PhD, Prof. (USA)
Satenova Serikkul	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Sultanov Kazbek	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Sharip Amantay	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Sharipova Gulbanu	Can. of philology, assos. Prof. (Kazakhstan)
Tazhybayeva Saule	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhakypov Zhantas	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhang Dingjing	PhD, Prof. (China)
Zhuravleva Yevgeniya	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial address: 2, Satbayev str., of. 408, Astana, Kazakhstan, 010008  
Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31-413)  
**E-mail: vest\_phil@enu.kz**

Executive editor, computer layout: Ilyas Kurmangalyev

**Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series**

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration certificate No 16996-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year Circulation: 35 copies

Address of printing house: 12/1 Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext.31413)

© **L.N. Gumilyov Eurasian National University**

---

---

Главный редактор **Дихан Камзабекулы**  
*доктор филологических наук, академик НАН РК (Казахстан)*

Зам. главного редактора **Шолпан Жаркынбекова**  
*доктор филологических наук, проф. (Казахстан)*

**Редакционная коллегия**

Аскероглы Рамиз	д.ф.н., проф. (Азербайджан)
Акматалиев Абдылдажан	д.ф.н., проф. (Киргизстан)
Бахтикиреева Улданай	д.ф.н., проф. (Россия)
Беженару Людмила	д.ф.н., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргуль	к.ф.н., (Казахстан)
Бижкенова Айгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жакыпов Жантас	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жан Динжин	PhD, проф. (Китай)
Журавлева Евгения	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ескеева Магрипа	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ержласун Гульжанат	PhD, ассоц. проф. (Турция)
Каскабасов Сейит	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Негимов Серик	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нургали Кадиша	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нуриева Фануза	д.ф.н., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	д.ф.н., проф. (Германия)
Рахманов Насимхон	д.ф.н., проф. (Узбекистан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (США)
Сатенова Серикгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Султанов Казбек	д.ф.н., проф. (Россия)
Тажибаева Сауле	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Хисамитдинова Фирдаус	д.ф.н., проф. (РФ, Башкортостан)
Чернявская Валерия	д.ф.н., проф. (Россия)
Шарип Амантай	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Шарипова Гульбану	к.ф.н., и.о. доцент (Казахстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Турция)
Янковский Хенрих	PhD, проф. (Польша)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. К.Сатбаева, 2, каб. 408

Тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31-413)

**E-mail: vest\_phil@enu.kz**

Ответственный редактор, компьютерная верстка: Ильяс Курмангалиев

**Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ**

Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК

Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16996-Ж от 27.03.2018г.

Периодичность: 4 раза в год

Тираж: 35 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажимукана, 12/1, тел.: +7(7172)709-500 (вн.31413)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

---

---

## Мазмұны

### *Фольклор және әдебиеттану*

<i>Аймұхамбет Ж.Ә., Қараханқызы Ұ.</i> Мета­мәтін құрылымындағы мифтік символика .....	8
<i>Айтуғанова С.Ш., Дәулетова А.А.</i> Дала патшайымдары туралы аңыз бен ақиқат ...	16
<i>Аққұлы С.</i> Алаш мемлекеттік армиясының құрылуы хақында .....	24
<i>Доскеева Ш.А.</i> Ә.Нұршайықовтың эпистолярлық мұрасы .....	39
<i>Дәуітова Г.Р., Сұлтан Е., Мейрамбекова Л.К.</i> Көне эпостағы мифтік кейіпкерлер .....	46
<i>Еслям А.Б., Алтысбаев Қ.Қ.</i> З.Ахметов зерттеуіндегі Абайдың шығармашылық мұрасы .....	54
<i>Жүсіпов Н.Қ., Ибраева А.Т.</i> Бекмұрат Уақатов зерттеулеріндегі халық өлеңдерінің жанрлық жіктелуі .....	61
<i>Қасқабасов С.А.</i> Томирис – «Мәңгілік ел» идеясының символы .....	69
<i>Кемеңгер Қ.Р., Діл­дә Ж.Р.</i> М.Мырзахметұлы Бауыржан Момышұлы жайында ....	77
<i>Өскен Ә.М., Қамзабекұлы Д.</i> Алаштану: текстологиялық жауапкершілік туралы (Ә.Н. Бөкейханның «Жаңа мектеп» журналында жарияланған мақалалары) .....	84
<i>Садықова Р.Т.</i> Халел Ғаббасов: өмір мен өріс мектептері .....	94
<i>Химмат Сайед Әли әш-Шазли</i> Орыс әйелдерінің қайғылы тағдыры – орыс адамының дара тұлғасы (Е.Чижованың «Әйелдер уақыты» романы негізінде) .....	104

### *Лингвистика*

<i>Әбдуәліұлы Б., Көшкінбай Д.</i> Қазақ лексикасындағы құқықтық ақпараттарды зерттеудің жалпы мәселелері .....	120
<i>Әубәкір С.С., Біжкенова А.Е.</i> Поэтикалық дискурстың ерекшеліктері .....	127
<i>Досжан Р.А.</i> Тарихи түбірлердің сөзжасамдық қабілеті .....	135
<i>Ақжигитова А., Елегенова М., Жанзакова А.</i> Қазақстанның лингвистикалық ландшафтындағы көптілділік белгілері (Астана қаласы негізінде) .....	142
<i>Сарсикеева Г.К., Байоразова Ж.К.</i> Абайдың 38-інші сөзін орыс және ағылшын тілдеріне аудару: салыстырмалы анализ .....	150
<i>Сейидова С.</i> Әзірбайжан, ағылшын және орыс тілдеріндегі «Жас» концептісі және оның идиоматикалық өкілдігі .....	157
<i>Сыздықова Г.О., Шолақова А.К.</i> «Ер Төстік» ертегісінің лингвосомиотикалық аспектісі .....	165

### *Тіл мен әдебиетті оқыту әдістемесі*

<i>Баекеева А.Т., Тәжібаева С.Ж.</i> Тау-кен саласындағы халықаралық терминдерді аудару .....	173
<i>Ниязова А. Е., Мукатова М.Н.</i> Көптілді ортада шет тілінде сөйлеудің мультилингвалды әрекетін қалыптастыру .....	183
<i>Смағұлова А., Мұхаметқалиева Г., Балтабаева Г.</i> Сөздерді құрылымдық ұйымдас­тыру (ағылшын және қазақ тілдеріндегі «мұнай газы» термині) .....	191

---

---

## Contents

### *Folklore and Literary Studies*

<i>Aimukhambet Zh.A., Karakhankyzy U.</i> Mythical symbolism in the structure of metatext .....	8
<i>Aituganova S.Sh., Dauletova A.A.</i> The legend and truth about the steppe queens .....	16
<i>Akkuly S.</i> About the creation of the Alash state army .....	24
<i>Doskeyeva Sh.A.</i> A.Nurshaikhov's contribution to the epistolary genre .....	39
<i>Dautova G., Sultan Y., Meirambekova L.K.</i> Mythical characters in the archaic epos .....	46
<i>Yeslyam A.B., Alpysbayev K.K.</i> Abai's heritage in Z. Akhmetov's research .....	54
<i>Jysipov N.K., Ibrayeva A.T.</i> Genre classification of folk poems in Bekmurat Uakatov's researches .....	61
<i>Kaskabasov S.A.</i> Tomiris - Symbol of the Concept of «Мәңгілік ел» .....	69
<i>Kemenger K.R., Dilda Zh.R.</i> M. Myrzakhmetuly is about Baurzhan Momysuly .....	77
<i>Osken A.M., Kamzabekuly D.</i> Alash studies: on textual responsibility (Articles by A.N. Bokeykhan, published in «Zhana mektep») journal .....	84
<i>Sadykova R.T.</i> Khalel Gabbasov: School of life and development .....	94
<i>Himmat Sayed Ali ash-Shazli</i> The Tragic Fate of the Russian Women and the Symbol of the Russians Identity (According to the Novel by E. Chizhova «Time of Women») .....	104

### *Linguistics*

<i>Abdualiuly B., Koshkinbay D.S.</i> General problems of studying legal information in Kazakh lexicon .....	120
<i>Aubakir S.S., Bizhkenova A.Ye.</i> Features of Poetic Discourse .....	127
<i>Doszhan R.A.</i> Word-building ability of historical roots .....	135
<i>Akzhigitova A., Yelegenova M., Zhanzakova A.</i> Multilingual signs in the linguistic landscape of Kazakhstan (the case of Astana) .....	142
<i>Sarsikeyeva G.K., Baiorazova Zh.K.</i> Translation of Abays 38 <sup>th</sup> word info Russian and English: comparative analysis .....	150
<i>Seyidova S.</i> The concept of "Age" and its idiomatic representation in the Azerbaijani, English and Russian languages .....	157
<i>Syzdykova G.O., Sholakova A.K.</i> Linguosemiotic Aspect of Fairy Tales .....	165

### *Methods of teaching language and literature*

<i>Bayekeyeva A.T., Tazhibayeva S.Zh.</i> Translating International Terms for Mining Industry .....	173
<i>Niyazova A. E., Mukatova M.N.</i> Formation of foreign language speech activity in a multilingual environment .....	183
<i>Smagulova A., Mukhametkaliyeva G., Baltabayeva G.</i> Structural organization of words («Oil gas» term in English and Kazakh) .....	191

---

---

## Содержание

### *Фольклор и литературоведение*

<i>Аймухамбет Ж.А., Караханкызы У.</i> Мифическая символика в структуре метатекста .....	8
<i>Айтуганова С.Ш., Даулетова А.А.</i> Легенда и правда о степных королевах .....	16
<i>Аккулы С.</i> О создании Алашской государственной армии .....	24
<i>Доскеева Ш.А.</i> Эпистолярное наследие А. Нуршаихова .....	39
<i>Даутова Г.Р., Султан Е., Мейрамбекова Л.К.</i> Мифические персонажи в архаическом эпосе .....	46
<i>Еслям А.Б., Алтысбаев К.К.</i> Творческое наследие Абая в исследованиях З.Ахметова .....	54
<i>Жусипов Н.К., Ибраева А.Т.</i> Жанровая классификация народных стихов в исследованиях Бекмурата Уакатова .....	61
<i>Каскабасов С.А.</i> Томирис – символ вечной идеи «Мәңгілік ел» .....	69
<i>Кеменгер К.Р., Дильда Ж.Р.</i> М. Мырзахметулы о Бауржане Момышулы .....	77
<i>Оскен А.М., Камзабекулы Д.</i> Алашоведение: о текстологической ответственности (Статьи А.Н.Бокейхана, опубликованные в журнале «Жана мектеп») .....	84
<i>Садыкова Р.Т.</i> Халел Габбасов: Школа жизни и развития .....	94
<i>Химмат Сайед Али аш-Шазли</i> Трагическая судьба русских женщин – символ идентичности русского человека (по роману Е.Чижовой «Время женщин») .....	104

### *Лингвистика*

<i>Абдуалиулы Б., Кошкинбай Д.</i> Общие проблемы изучения правовой информации в казахской лексике .....	120
<i>Аубакир С.С., Бижекенова А.Е.</i> Особенности поэтического дискурса .....	127
<i>Досжан Р.А.</i> Словообразовательные важности исторических корней .....	135
<i>Акжигитова А., Елегенова М., Жанзакова А.</i> Многоязычные знаки в языковом ландшафте Казахстана (на примере Астаны) .....	142
<i>Сарсикеева Г.К., Байоразова Ж.К.</i> Перевод 38-го слова Абая на русский и английский языки: сравнительная анализ .....	150
<i>Сейидова С.</i> Концепт «Возраст» и его идиоматическое представление на азербайджанском, английском и русских языках .....	157
<i>Сыздыкова Г.О., Шолакова А.К.</i> Лингвосемиотический аспект волшебных сказок .....	165

### *Методика преподавания языка и литературы*

<i>Баекеева А.Т., Тажибаева С.Ж.</i> Перевод интернациональных терминов горно-рудной промышленности .....	173
<i>Ниязова А.Е., Мукатова М.Н.</i> Формирование иноязычной речевой деятельности в мультилингвальной среде .....	183
<i>Смагулова А., Мухаметкалиева Г., Балтабаева Г.</i> Структурная организация слов (термин «нефтяной газ» в английском и казахском языках) .....	191

ХҒТАР 17.07.21

**Р.Т. Садықова**

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей, Қазақстан*  
(E-mail: [srt74@mail.ru](mailto:srt74@mail.ru))

### **Халел Ғаббасов: өмір мен өріс мектептері**

**Аңдатпа.** Мақалада Алашорда үкіметі төрағасы Әлихан Бөкейханның орынбасары болған көрнекті мемлекет қайраткері, «Сарыарқа» газетінің редакторы, В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің физика-математика мамандығын алтын медальмен бітірген тұңғыш қазақ Халел Ғаббасұлы және Ғаббасовтар әулеті туралы деректер ұсынылған.

Халел Ғаббасұлы 1928 жылдың 10 қарашасында Біріккен Мемлекеттік Саяси Басқарма (ОГПУ) тергеушілеріне берген мәліметтері бойынша 1888 жылы Семей уезінің Шаған болысында дүниеге келген.

Бүгінде Шығыс Қазақстан облысы, Үржар ауданы, Қарақол ауылында Алаш қайраткері Халел Ғаббасұлының немере інісі Берікбол Әділхасенұлы Баязитов тұрады. Берікбол Әділхасенұлының әкесі Әділхасен Баязитұлы - Халел Ғаббасұлымен бір атадан тарайтын немере ағайыны.

**Түйін сөздер:** Алаш, Алаш автономиясы, «Сарыарқа» газеті, редактор, мемлекет қайраткері, әулет.

**DOI:** <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2019-126-1-94-103>

**Кіріспе.** XX ғасырдың алғашқы ширегінде елін бодандықтан босатуды, әрі мәдениетті халықтардың қатарына қосуды өзіне парыз санаған азаматтар тарих сахнасына шықты. Сондай ұлтжанды азаматтардың қатарынан Халел Ғаббасұлы да лайықта орын алады. Сол тарихи кезеңде жарық көріп тұрған «Сарыарқа» газеті Халел Ғаббасұлын мынадай мінездеме арқылы халыққа таныстырған: «Халел студент күнінде-ақ ұлтшыл, жинаған білім қазынасын халыққа таратуды өзіне борыш санаған һәм сол пікірін іспен көрсете бастаған қазақтың үмітті ұлы». Міне, жас та болса оған жұрты мен ұлт жетекшілері артқан сенім үрдісінен шығып, үмітін ақтады ма? Бұл сауалдарға жауап бермес бұрын, ең алдымен, Х. Ғаббасұлының тәлім-тәрбие көрген, білім алған ортасына зер салуымыз керек.

**Зерттелу тарихы.** Алаш мұрасы - ортамызға тәуелсіздіктің орнауымен оралған мол тарихи, рухани қазына. Тарихтың қойнауына еніп, өткеннің еншісіне айналған «қазынаны» табу әрдайым қажырлықты, табандылықты, ізденімпаздықты қажет етеді. XX ғасырдың басында Қазақ мемлекеттілігін бейбіт саяси күрес жолының әдіс-тәсілдерімен қайта қалпына келтірген Алаш зиялыларының қайраткерлік, қоғамдық және рухани қазынасын зерттеу жұмыстары жолға қойылған тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қозғалыстың алғы шебінде болған тұлғалардың қызметі мен мұралары ерекше қарқынмен зерделене бастады. Алаш зиялыларының қалың шоғыры ортамызға ерекше екпінмен оралып, Алаштың көрнекті қайраткері Халел Ғаббасұлы туралы зерттеу жұмысын ұсынып отырмыз.

Зерттелу нысаны. XX ғасыр басындағы Семейлік әдеби орта мен Халел Ғаббасұлының шығармашылық ғұмырбаяны, ол жайлы деректер мен зерттеу еңбектер және қайраткердің әдеби-көсемсөздік туындыларына қатысты ой-пікір, сараптамалар негізгі зерттеу нысаны етіп алынды.

Халел Ғаббасұлы 1928 жылдың 10 қарашасында Біріккен Мемлекеттік Саяси Басқарма (ОГПУ) тергеушілеріне берген мәліметтері бойынша 1888 жылы Семей уезінің Шаған болысында дүниеге келген.

1898 жылы Семейге оқуға келіп, бастауыш білімді алғашқыда приход мектебінен, кейін орыс-қазақ мектебінен алады. Содан кейін 1901-1903 жылдары қалалық гимназияда білімін жалғастырады. Гимназияны тәмамдаған соң 1910 жылдың күзіне дейін Сейтен бо-



лысында ауыл мұғалімі болады. Сол жылы Мәскеу Мемлекеттік университетінің заң факультетіне оқуға түседі. Алайда, 1911 жылы көктемде студенттер ереуіліне қатысқаны үшін оқудан шығарылады. Бірақ, Халел Ғаббасұлы осы жылы студенттік құқығын қайта қалпына келтіріп, заң факультетінен физика-математика факультетіне ауысуға мәжбүр болған [1]. Басқа факультетке ауысуының себебі – заң саласы бойынша оқитын қазақ студенттеріне Семей облысының губернаторы жергілікті Земстводан бөлінетін стипендияны төлеуді тоқтатқан болатын. Өйткені, губернатор заң факультетінің студенттері қоғамдық, саяси өмірде белсенділік көрсетеді, сөйтіп революциялық пиғылдағы студенттердің ықпалына түсіп кетеді деп қауіптенген. Бұл қауіп Семей облысының губернаторы Тройницкий үшін 1905 жылғы революциялық қозғалыста белсенділік танытқан Ж. Ақбаевтың тәжірибесінен туындаған болатын. Ал империялық мемлекет үшін революциялық ахуал шиеленіскен кезеңде оның тәуелді аймақтарында білімді әрі саяси көзқарасы шыңдалған азаматтардың көбеюіне мүдделі болмауы заңды құбылыс еді.

Губернатор Тройницкийдің қазақ жастарының жоғары білім алуына кедергі жасауы бұл бір ғана емес. Ол Томск технология институтына түскен Әлімхан Ермековтің да төлемақысыз оқуын «қамтамасыз» еткен болатын. Осындай әкімшілік тарапынан жасалған кедергілерді жеңе отырып, Халел 1915 жыл университетті алтын медальмен бітіріп шығады. Өзінің тергеу кезінде берген мәліметтеріне қарағанда, саяси көзқарасының қалыптасуына Мәскеудегі студенттік ортасы әсер еткені байқалады. Сол тарихи кезеңде Ресейдегі, әсіресе, Мәскеудегі революциялық қозғалыстардың өршуі көкірегі ояу жастарды бейжай қалдырмасы да анық еді.

Университетті тәмамдағаннан кейін Халел Ғаббасұлы Петроградтағы уақ қарыз ісі бойынша Орталық басқармада есепші (статист) қызметін атқарады. 1916 жылы Семейдегі ауыл шаруашылығына уақ қарыз беру ісімен шұғылданатын Мемлекеттік банктің Семей бөлімшесіне инспектор қызметіне ауысып келеді. Бұл мекеме сол замандағы кооператив, серіктестік сияқты ұйымдарға да кредит беретін. Қыр қазағы «уақ қарыз серіктестігі» деп атаған мұндай банктік кооператив мекемелері Столыпіннің «аграрлық реформасына» орай, қазақ жеріне келіп, қоныс тепкен крестьяндарға (қара шекпендерге) қаржылай несие беру үшін қазақ жерінде 1908 жылдан бастап қаулап өсіп ашылған. Осындай несие кооперативін қазақта ең алғашқылардың бірі болып ашқан – Халел Ғаббасұлы. Оның уақ қарыз серіктестігі 1916 жылдың 18 қыркүйегінде ашылғаны жөнінде «Қазақ» газетінің сол жылғы № 204 санындағы хабарда жазылған. Онда: «Инспектор Халел мырза Ғаббасұлы өзі келіп, қазақтар жиналып, кеңесті. Серіктестіктің түп сомасы 3 мың болмақ, мұны банк бермек. Кредит бір серікке 200 сомнан аздық қылмайды. Залог салғандарға 500-ге шейін ашылады. Бұл күнгі мәжіліске председатель қылып жиылған әлеумет Халел мырзаның өзін сайлады. Серіктік жайын кеңесіп болғаннан кейін правление члендері сайланды. Бұлар Құнанбай Мұздыбайұғлы һәм Мұстақым Малдыбайұғлы, Ғұмар Мәсімкенұғлы».

Халел басқарған Мемлекеттік Банктің Семейдегі бұл филиалының атап айтарлық ең үлкен қызметі – 1918 жылы «Абай» атты әдеби, әлеуметтік журналдың шығуына қаржылай көмек көрсетіп, несие беруі болды. Бұған Жүсіпбек Аймауытұлы: «Осы журналды бастырып отырған уақ қарыз серіктестігі журналдан пайда көрейін, ақша табайын деп шығарып отырған жоқ. Халықтың көзі ашылсын, мағлұмат алып, ағарсын деп, игілік істің бірі деп, ел қамын ойлап шығарып отыр» – деген сөзі дәлел бола алады.

Халел Ғаббасұлы жалғыз «Абай» журналын ғана емес, 1917 жылдары Алашорданың газеті болған «Сарыарқаның» шығуына да қаржылай көмек жасап, біраз уақыт өз серіктестігінің баспаханасында бастырып шығарған.

Сонымен, 1916 жылдары басталған саяси өзгерістер Х. Ғаббасұлының әлеумет істеріне белсенді түрде араласып, өзінің алған білімі мен қайрат-жігерін көрсетуіне мүмкіндіктер ашты. Оның азаматтық ұстанымы сол жылы, яғни 1916 жылы ұлт азаттық кө-

теріліс кезінде ашылған еді. Қаһарлы 16 жылы халықтың басына күн туғанда, әр жерлерде жазықсыз қан төгіліп жатқанда, Халел Ғаббасұлы Семей уезінде патша жарлығына наразы халықты үкіметтің қарулы әскеріне айыр-садақпен қарсы тұрудың ақылға сыйымсыздығына көздерін жеткізіп, өзінің азаматтық белсенділігімен елін үлкен ойраннан аман алып шықты.

Сұлтанмахмұт Торайғыров өзінің «Таныстыру» атты поэмасында Р. Мәрсеков, М. Боштаев, А. Малдыбаев сынды елге танымал азаматтарға сын көзімен қараса да, Х. Ғаббасұлына оң баға беруі көп жайды аңғартса керек.

Сонымен, Халел Ғаббасұлының саяси көзқарасының қалыптасуына, біріншіден, Мәскеу Мемлекеттік университетіндегі белсенді студенттік ортасы негіз болса, екіншіден, «Қазақ» газеті мен оны ұйымдастырып, қоғамдық пікір таратушы Алаш қозғалысының жетекшілері Ә. Бөкейханұлы, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, Ш. Құдайбердіұлы, Р. Мәрсеков, Ж. Ақбаев сынды азаматтардың ықпалы күшті болғандығын 1916 жылғы көтеріліс көрсетті.

Ақ патша құлағаннан кейін Әлихан Бөкейханұлы бастаған алаш зиялылары тез арада қазақтың өз съезін өткізбек болады. Тұңғыш қазақ съезі - 1917 жылы сәуірде Орынборда өткен Торғай облыстық съезі еді. Одан кейін айдың соңында Семей облыстық съезі өтеді. Бұны ұйымдастырған қайраткерлердің бірі – Халел Ғаббасұлы. Әлихан Ермеков, Биыхмет Сәрсенов, Сатылған Сабатаев, Райымжан Мәрсеков, Ахметжан Қозыбағаров және Шәкәрім қажы сияқты көптеген қазақ зиялылары осы съезде бас қосады.

Халел Ғаббасұлы басқарған осы съезд қазақ тарихында ерекше орын алады. Себебі, қазақ ұлтының автономиясы туралы, қазақтың мемлекеті туралы ұлы мәселелер ең алғаш рет осы жиында қарастырылған еді.

Бүгін қазақ пен қырғыздың тұңғыш съезі 1917 жылғы 21-26 шілдеде Орынборда өткені белгілі. Алаштың бұл басқосуы ең басты екі үлкен шешімге қол жеткізеді:

- 1) қазақ жерін қазақ ұлтының меншігі деп таниды;
- 2) «Алаш» деп аталатын ұлттық саяси партия құрады.

Жалпы, осы жылдар Халелдің қоғамдық-саяси қызметінің шарықтау кезеңі болғаны аян. Бұл заңды да еді. Өйткені сол кезеңнің саяси оқиғалар толқыны оны пікірлес серіктерімен бірге саясат майданына алып шықты. Бұл кезеңде оның азаматтық болмысы қалыптасып, қайраткер тұлға ретінде таныла бастады. Ол Семейдегі қазақ зиялыларының үркердей тобындағы серкелердің бірі ғана емес, Алаш қозғалысы жетекшілерінің сенімді серігіне, үмітті ізбасарына айналды.

Х. Ғаббасұлы алған білімі мен кәсіби қызметінің ерекшеліктеріне сәйкес әлеумет істерінде де әрекетшіл адам ретінде көзге түсті. Оның бұл қасиетін қоғамдық-саяси қызметтеріндегі атқарған жұмыстары дәлелдей түседі. Мәселен, 1917 жылғы Ақпан революциясы нәтижесінде патша өкіметі құлап, орнына Уақытша үкіметтің билік органдары келген уақытта, Халел Семей облыстық қазақ комитеті төрағасының орынбасары болып сайланды [2]. Ал сәуір-мамыр айларында Уақытша үкіметтің Семей облыстық Атқару комитетіне енгізіліп, оның президиумына және Облыстық Делегаттар Жиылысының мүшелігіне сайланады [2]. Сонымен бірге Халел Семей облыстық қазақ съезін ұйымдастыру жұмыстарына да белсене араласты. Бұл съезд Семейде 1917 жылдың 27 сәуір - 7 мамыр аралығында өткізілді. Съезд делегаттары Халел Ғаббасұлын Президиум төрағасының орынбасары етіп сайлады.

Сөзіміз дәлелді болу үшін, «Сарыарқа» газетінің 1917 жылғы 19-маусым күнгі № 2 санында жарияланған «Оқшау сөзден» үзінді келтірейік. Бұнда Семей облыстық қазақ съезінің жұмыс барысы берілген: «...Мәжілісті басқарып билейтін адамдар сайланса екен деп Мәрсеков жамағаттың құзырына тапсырды. Халық бір ауыздан председателдікке: Жақып Ақбаевты, оған серіктікке: Халел Ғаббасұлын, Райымжан Мәрсековты, Мұқыш Божтаевты және Биыхмет Сәрсеновты сайлады. Секретарлыққа Әлмұқан Ермековты, Ыдырыс Оразалинді, Мұстақим Малдыбаевты және Шәріп Ақпановты сайлады...».

«Алаш» партиясының Семей губерниялық комитеті қазан айында ашылды. Онда партияның 15 кісіден тұратын уақытша облыстық комитеті өз жұмысын бастап, төрағасы болып Х. Ғаббасұлы сайланды. Бұл уақытта Ресейдегі саяси партиялардың талас-тартысы ушығып тұрған еді. Соны бастан-аяқ талдап, Халел Ғаббасұлы «Сарыарқа» газетінің 1917 жылғы 25 қараша күнгі санында «Мемлекет күйі» деген бас мақала жариялайды.

Ал осы «Сарыарқа» газеті Семейде 1917 жылғы маусым айынан бастап шыға бастаған болатын. Өйткені ұлт азаттық жолындағы күрестің, халықтық қозғалыстың қол бастаушылары алғашқы орыс төңкерісінің саяси-әлеуметтік мәнін терең түсініп, тәуелсіз ел болып, өнер-білім жолына шығуды мақсат етіп ұстанды. Алашорда үкіметі құрылып, оның маңына озық ойлы зиялы қауым топтасты. Өз бағыттарын айқындап, сара жолды халыққа жаңылмай нұсқап, адастырмас даңғылға алып шығуға ұмтылған қазақ зиялылары Алашорданың Семей облыстық комитетінің үні болған «Сарыарқа» газетін шығару жұмысын қолға алған еді.

«Сарыарқа» газеті 1917 жылдың 15 маусымынан бастап Семей қаласында қазақ тілінде аптасына бір рет шыға бастаған. Онда халықтың тұрмыс-тіршілігін, елде болып жатқан жағдайларды кеңінен қамтыған мақалалар көптеп жарияланып тұрды. Сондай-ақ, Алашорда үкіметін құру, қазақ мемлекетінің негізін қалау секілді маңызды мәселелер қозғаған саяси мазмұндағы мақалалар да берілді. «Алаш» партиясының қаулы-қарарлары, құжаттары жарық көрді. Бұл орайда Семейдің құрметті азаматы, қаламгер Сейітжан Тәбәрікұлы: «Алашорданың Семей тобының саяси бағдарламасы да осы газетте жарық көрген. Қазақ қайраткерлерінің іс-қимыл әрекеттерімен де оларды жазған мақалалары арқылы тікелей тануға болады» [3, 46], – деп жазады. Сәкен Сейфуллиннің: «Семейде шыққан «Сарыарқа» газеті – Алаштың тілі болды» [4, 362 б.], – деген сөзі тарихи ақиқат.

Осы алаш арыстарының қатарында Халел Ғаббасұлы 1917 жылы маусым айынан Семейде шығарыла бастаған «Сарыарқа» газетінің ұйымдастырушысы, әрі редакторларының бірі болды. Сонымен бірге ол осы газетте саяси өмірге қатысты мақалаларын жариялап тұрды. Азаматтық қарсыласу жылдары Семей облыстық қазақ комитеті мен «Алаш» партиясының облыстық комитетін құру, жергілікті земстволық басқару жүйесін енгізу, Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттар сайлау, «Сарыарқа» газетін ашуға қатысты істерді Әлихан Бөкейханұлы, Райымжан Мәрсеков, Әлихан Ермеков, Мәннән Тұрғанбаев, Ахметжан Қозыбағаров және тағы басқалары тізе қосып қатар жүрген Халел Ғаббасұлы еді. Мәселен, оның осындай түрлі қоғамдық-саяси қызметі мен газет редакциясын басқаруына байланысты мынадай бір деректерге – Ресей Ғылым Академиясының академигі В. Лашин мен профессор М. Шиловскийдің «Сибирские автономисты и деятели «Алаш-Орды» мақаласында 1917 жылдың 8-17 қазаны аралығында Томск қаласында Сібір автономистерінің идеялық көсемі Г.Н. Потаниннің ұйымдастыруымен өткізілген бірінші Сібір облыстық съезіне қазақ автономиясы мәселесі бойынша Әлихан Бөкейханұлымен бірге Семей облысынан барып қатысқан ұлт зиялылары туралы:

«1. Ғаббасов Х.А., 29 лет, киргиз, беспартийный, делегирован Семипалатинским областным киргизским комитетом, окончил Московский университет, редактор газеты; 2. Ермеков А.А., 25 лет, киргиз, беспартийный, делегирован Каркаралинским областным киргизским комитетом, студент 5-ого курса Томского политехнического университета; 3. Марсеков Р.М., 39 лет, киргиз, беспартийный, делегирован Семипалатинским областным киргизским комитетом, образование высшее, юрист» [5, 27 б.], – деп атап көрсетілген.

Ал, осы тарихи оқиғаны Сұлтанмахмұт Торайғыров «Сарыарқа» газетіндегі «Әлиханнның Семейге келуі» мақаласында: «Кешке жақын Семейде, 21 октябрьде, бұрынғы жан-дарал мекемесі, «Бостандық үйіне» қарай топ- тобымен ағылған қазақ еді. Семинаристер бір рет, гимназистер бір рет, курсистер, мұғалімдер бір рет, саудагерлер, қырдан келгендер де бар. «Сегіздегі бала, сексендегі шал да қалмай» дегендей, тойға бара жатқандай бәрінің

де мерейлері үстем, еңселері көтеріңкі, жүздері жарық, көздерінен, қозғалыстарынан қуанғандықтары көрініп тұрушы еді. Бір-біріне жолыққанда қуаныштан аман-сәлемді де ұмытып, сөздері: «Поезд, қашан келеді деу ғана» еді. Бұлар сенімді тосады?» дей келіп, әлгі қарақұрым қаптаған халықтың асыға күткені Алаштың көсемі Әлихан Бөкейханұлы еді. Оны поездан Мұстақым Малдыбаев пен Иманбек Тарабаевтың қарсы алғанын, ал қалың бұқара атынан Ахметжан Қозыбағаров, учительдер одағы атынан Мәннан Тұрғанбаев, семинаристер атынан Жүсіпбек Аймауытов түрлі құттықтаулар білдіріп, өзінің өлең оқығанын, сонан соң ертеңінде елдің Алаш қаласына барып, Әлихан мен Әлімханның Сибирь съезінде сөйлеген сөздерін тыңдағанын айтады.

Қоғамдық-саяси мәселелерді көтерген мақалаларды Халел Ғаббасұлы да жазды. Мәселен, оның 1918 жылдың 28 қаңтарында «Сарыарқа» газетінде шыққан «Алаш автономиясы» мақаласында: «Қазақ-қырғыздың уақытша үкіметі – «Алаш-Орда» Алаш қаласына келіп, Алаш автономиясын жариялағаннан кейін қазақ-қырғыз балалары бағынған үкіметімізді осы деп сеніп, ант беріп, басқа үкіметті танымай, өз үкіметінің әмірін екі қылмай орындауы керек. Жұрт жұмылуының белгісі осы» [6], – дей келіп, сөзін Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Алаштың әнұраны» атты өлеңінің:

Алаш туы астында  
Күн сөнгенше сөнбейміз!  
Енді ешкімнің Алашты  
Қорлығына бермейміз!!  
Өлер жерден кеттік біз,  
Бұл заманға жеттік біз,  
Жасайды, Алаш, өлмейміз.

Жасасын, Алаш, жасасын! – деген жыр шумақтарымен аяқтайды.

Сонымен Семейдегі Алаш арыстары Абайдың ізбасар шәкірттері ұйытқы болып, ұлттың өз билігін өз қолына алып, дербес даму жолында күресіп жатқан кезеңде Семей облыстық Делегаттар Жиналысының атқарушы органы Халел Ғаббасұлын Облыстық Комиссариат құрамына сайлайды. Сөйтіп осы облыстың Комиссариат тапсырмасымен Зайсан уезінде комитет, сот, земство мекемелерінің сайлауын ұйымдастыру істерін шешу үшін ол комиссар болып тағайындалады [2]. Семей облыстық Делегаттар Жиналысының мүшесі ретінде Жиналыс жанындағы қаржы-есеп, тексеру, банктік тексеру комиссиясының құрамына ене отырып, өзінің ұйымдастырушылық қырымен де таныла бастады. Қазақ комитеті мен басқа да облыстық билік органдарында шыңдалған тәжірибесі мен іскерлік қабілетінің көрінуіне орай Халел Ғаббасұлын Алаш жетекшілері Алаш партиясы атынан Бүкілресейлік Құрылтай Жиналысына депутаттыққа ұсынады [7].

1917 жылы 5-13 желтоқсан аралығында өткен II жалпы қазақ съезіне Семей облыстық Қазақ комитетінің өкілі ретінде делегат болды. Бұл съезде Алаш автономиясы жарияланып, оның үкіметі – Алашорда Ұлт Кеңесі құрылған соң Х. Ғаббасұлының Кеңес төрағасының орынбасарлығына сайлануы оның беделі мен оған артылған сенімнің деңгейі қандай дәрежеде болғандығын айғақтаса керек.

Халел Ғаббасұлы қаржы және ұлттық милиция жасақтау бойынша комиссияларда жұмыс атқарып, баяндама жасаған. Съезд барысындағы пікірталастарға батыл араласып, автономия жариялау мәселесіне қатысты қалыптасқан екі ағымның бірі – Ә. Бөкейханұлы ұсынған бағытты қолданған. Бұл бағыт бойынша автономия жариялауды кідірте тұру ұсынылған. Ал Жаһанша мен Халел Досмұхамедовтар автономияны дереу жариялау қажет деген ұсыныстарын білдірді [1]. Съезд өте күрделі пікірталастардан кейін бір ортақ шешімге келіп, Алаш автономиясы мен Алашорда Уақытша Ұлт Кеңесі құрылғанын жариялады.

Халел Ғаббасұлының баяндауы бойынша 1918 жылы ақпан айының соңында Семейде өкімет билігі кеңестердің қолына өткен. Кеңестер билікке келгеннен кейін өткізілген

жиында Х. Ғаббасұлы Семей облыстық шаруа, жұмысшы, солдат, қырғыз-қазақ және қазақ депутаттарының Кеңесі төрағасының орынбасары болып сайланады. Кеңес құрамына Халелден басқа Алаш партиясының белсенділері Биахмет Сәрсенов (халыққа білім беру комиссарының орынбасары), Әубәкіров (почта, телеграф және жол байланысы бөлімі бастығының орынбасары), И. Әлімбаев (еңбек бөлімі төрағасының орынбасары), М. Боштаев (сот ісі бөлімінің мүшесі), Ы. Оразалин (азық-түлік бөлімінің мүшесі) енгізілген.

Қазан төңкерісінен кейін орнай бастаған Кеңес билігі Алашорданың кең қанат жаюына әрі оның жергілікті жерлердегі бөлімдерінің құрылу барысына үлкен тежеу болған. Алаш автономиясының орталығы ретінде Семей қаласының белгіленуі және 1918 жылы 18 қаңтарда большевиктердің Орынборды басып алуы Ұлт Кеңесіне мүше болған зиялылардың негізгі бөлігін Алаш қаласына шоғырлануға мәжбүр етті. Алаш жетекшілері социализм идеяларын қабылдай алмаса да, большевиктерге қарсы күресуге дәрменсіз болғандықтан және елді азамат соғысынан аман алып қалу үшін олармен өзара ымыраға келе отырып, Алаш автономиясын Кеңес үкіметіне ресми түрде мойындату жолында саяси күрес жүргізді.

Халел Ғаббасұлының қоғамдық-саяси белсенділігі алаш үкіметінің төрағасының орынбасары болған кезінде барынша өрістеді. Себебі бұндай лауазымды қызметтің салмағы мен жауапкершілігі саяси белсенділікті талап етті. Сонымен бірге, оның білімі мен қайраткерлігін көре білген ұлт жетекшілері оған аса жауапты іс-шараларды жүктеді. Мәселен, Кеңес үкіметі мен Алашорда арасындағы телеграф арқылы 1918 жылы көктемде келіссөз жүргізуді Х. Ғаббасұлына тапсырды.

Кеңес өкіметінің жергілікті билік органдарында жауапты қызмет атқарған ұлт зиялылары большевиктік саясаттың ішкі мәнін түсінген соң, Әлихан Бөкейханұлы бастаған арыстар Кеңес өкіметіне қарсы күресу үшін саяси одақтас іздей бастады. Бұл жөнінде Халел Ғаббасұлының НКВД тергеушілеріне берген жауабында: «1918 жылдың сәуір айында Семейге Омбыдан Хамит Тоқтамышев келгеннен кейін Кеңес билігіне қарсы ұйымдармен байланыс орнатты. Сонымен бірге оны біз Қазақ комитетіне жұмысқа орналастырған едік. Ол Семей қаласында Кеңес билігіне қарсы екі ұйымның бар екенін бізге айтты. Бірі офицерлік, екіншісі социалистік. Облыстық Совдеппен арамыздың шиеленісуіне байланысты біз Қазақ комитетінің Кеңесінде осы екі ұйымның бірімен байланысуын қажет деп таптық. Тоқтамышевтың мәліметі бойынша бұл ұйымның жетекшілері Сібірде және оның платформасы бойынша ұлттардың өзін-өзі билеу құқын беру туралы айқындамасы бар екенін білдірді. Бұл Кеңестен кейін аталған ұйымның әскери бөліміне Х. Тоқтамышев пен Р. Мәрсековты, ал азаматтық бөліміне Б. Сәрсенов пен И. Әлімбаевті енгіздік» [8, 316 б.], – деген мәлімет бар.

Алашорда үкіметіндегі қызметімен бірге Халел Ғаббасұлы өз ісін қайта бастаған Семей облыстық Земство басқармасында да белсенді жұмыс атқарды. Дерек көздеріне қарағанда Р. Мәрсеков, Х. Ғаббасұлы, Ә. Сәтбаевтар Земствоны қазақ халқының мүддесіне сай жұмыс істетті.

Мәселен, 1918-1919 оқу жылының екінші жартыжылдығы үшін Земство стипендиясын бөлу туралы құжатқа «қажетті қаржы бөлінсін» деген резолюцияға Халел қол қойған. Бұл құжатта стипендия алатын студенттер мен оқушылардың басым бөлігі қазақ жастары. Ішінде елге танымал бола бастаған М. Әуезов, Ж. Аймауытов, Ы. Мұстамбаев бар еді.

Х. Ғаббасұлының сол тарихи кезеңде атқарған қызметінің ауқымына назар аударсақ, қолда бар дерек көздері оның езілген елі үшін нардың жүгін көтерген азаматтығын танытады. Оның халқы үшін атқарған қызметі осымен ғана шектеліп қалған жоқ еді. Елдегі азамат соғысынан кейін түпкілікті орнаған Кеңес өкіметінің жауапты билік органдарында да жалғасты. Большевиктердің идеяларын мойындай алмаса да, сырттан танылған зорлықшыл күресті тануға мәжбүр болды. Ал Кеңес өкіметінің ұстанымдарын мүлде қабылдай алмаған Мұстафа Шоқай Түркияға, одан әрі Францияға эмиграцияға кетіп, большевизмге қарсы идеологиялық күрес жүргізсе, Халел Ғаббасұлының үзеңгілес серігі болған Райымжан

Мәрсеков Қытайға кеткен болатын. Ал, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы бастаған ұлт зиялылары күрестің басқа жолын таңдаған еді. Х. Ғаббасұлының елі үшін қызметі қандай моральдық-психологиялық қысым жағдайында жүрсе де Кеңестік билік органдарында жалғасын тапты. Бұл жайды біз Халел Ғаббасұлының ғұмыр тағдырына қатысты мұрағат деректері негізінде толық баян етейік. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатындағы Халел Ғаббасұлының жеке ісінде мол деректік мағлұматтар бар [9].

1926 жылғы 15 наурызда толтырылған анкетада оның 15 ақпаннан бастап Халық комиссарлары советінің (Совнарком), Мемлекеттік жоспарлау комитетінің (Госплан) қаржы-экономика секциясының меңгерушісі болып қызмет істегені, еңбекақысы айына 300 сом болғаны көрсетілген. «Үйленген, екі қызы бар» деп жазылған анкетада.

1926 жылдың 3 маусымында Халел Ғаббасұлы екі ай мерзімге кезекті еңбек демалысын алады. Осы уақытында ол бала-шағасымен Семейге, одан әрі Шыңғыстауға, ағайын-туғанының ортасына барып демалуға ниет қылады. Бірақ белгісіз себеппен Семей қаласында Халел тұтқынға алыныпты. Басты себеп мынада деп ойлаймыз: 1920-21 жылдары Х. Ғаббасұлы Семей губерниялық ревком басшыларына қарсы шығып, мәжілісте іс жоспарларының түп астарын әшкерелей отырған. Отаршы коммунистердің алаш баласын басынып, жер-суын өзге ұлтқа тартып алып беріп жатқан іс-әрекетіне ұлт қайраткері шыдай алмаса керек. Осындай «жиренсіздігі» үшін Семейден қуылған Халел арада бірнеше жыл өткен соң елді көрем деп келіп, сонау қара күзге дейін кете алмайды. Оның негізгі себебін мұрағатта сақталған мына бір жеделхат ашып көрсетпек:

«ҚазССР Мемлекеттік Жоспарлау комитетіне. Қызылорда қаласына хабарлаймын. Мемлекеттік жоспарлау комитетінің қаржы экономика секциясының меңгерушісі Х. Ғаббасұлы менің өндірісімдегі «Алаш аудандық Одағындағы қызметі» қылмысты ісіне оның қатысы болуына байланысты Қылмыстық кодекстің 128-бабы, 1-бөлімі бойынша айыпкер ретінде ұсталды. 1926 жылдың 5 қазанындағы менің қабылдаған қаулымның негізінде ол Семей қаласындағы ісі бойынша тергеу біткенше жіберілмейді. Семей губерниялық сотындағы аға тергеуші Туркин. 6.10.1926 ж.» [10].

Бұдан кейін Х. Ғаббасұлының өзі де сол кездегі астана Қызылордаға мына мазмұндағы жеделхатын жолдайды: «Қызылорда. Ақсаевқа. Совнарком төрағасына мені тергеуші ұстап, ешқайда кетпеуім туралы қолхат алып, жібермей отырғанын айтып, екі рет жеделхат жолдаған едім. Жағдайымның не болары әзірге белгісіз, сотқа дейін ұстайтын шығар деп ойлаймын. Осы жеделхаттарды алғаныңыз жөнінде бір хабар беріп, Сәтбаевтың мекен-жайына жіберсеңіз. Ғаббасов» [10]. Халелдің Сәтбаев деп отырғаны – Қаныш Сәтбаевтың ағасы, губерниялық оқу бөлімінің бастығы Әбікей Сәтбаев.

Тағы бір жеделхаттың мәтіні мынадай: «ҚазССР Халық Комиссарлары Советіне. Сіздің тарапыңыздан Алаш аудандық Одағы басшыларын және «Өрнек» серіктестігін айыптау ісіне қызығушылық тууына орай Республика прокуратурасы сізге ақпар беру мақсатында 11 қазандағы № 43118 өкімімен Семей губерниялық прокуратурасынан қадағалау тәртібі бойынша қылмыстық істі сұратып отыр; егер қылмыстық іс тыңдалуға және қайта қаралуға бекітілген болса, сот процесі үзіліп қалмақ. Сондықтан прокуратура қылмыстық істің мәні, квалификациясы мен саяси жағы жөніндегі нақты баяндамасын жіберумен шектелуі де ықтимал. Үшінші Саяси бөлімнің меңгерушісі Александровский. ҚазССР Әділет халық комитетінің прокуроры Сұлтанов» [10]. Осыған орай Х. Ғаббасұлы Госплан төрағасына жазған арызы да сақталған. Онда оның: «Мен кезекті демалысымнан Қызылордаға 19 қарашада келдім» [9], – деп жазған сөздері бар. Соған қарағанда Госплан төрағасы да, Халық комиссарлары кеңесі де Х. Ғаббасұлына қолұшын созса керек, оған: «Семей губерниялық оқу бөліміне. Сәтбаевқа. Әділет Халық комитеті Ғаббасовтың ісін талап етіп отыр. Совнарком Орталық атқару комитеті. 1 қараша, 1926 жыл. Қызылорда» [9], -деген мәтіндегі жеделхат дәлел бола алады.

Осы шырғаланнан әуірімдеп жүріп, әрең басын арашалаған ол қайтып келіп, бұрынғы қызметін жалғастырады. Кейін, 1927 жылдың 18 шілдесінде бір айға еңбек демалысын алып, елге барып келгенде Халелді тағы бір озбырлық күтіп тұр еді. Алдымен Госплан төрағасына өз қолымен жазған өтінішін оқып көрелік. Онда ол: «Мен демалыстан 6 қарашада келдім. Бұлай кешігіп келуімнің себебі, бұдан бұрын жіберген жеделхатымда айтылғандай, әкемнің қайтыс болуы мен ауылдан шыққан кезімде әйелімнің қатты ауырып қалуына байланысты болды. 7.10.1927 ж.» [10].

Басына қайғылы күн туып, алыстан арын-ашып, ел астанасы Қызылордаға келген бір кездегі Алашорда қайраткерін енді үйінен қуып шықпақ болыпты. Бұл жайлы Х. Ғаббасұлы былай деп жазған. «Совнарком іс жүргізу басқармасына. Госплан президиумының мүшесі Х.А. Ғаббасовтан өтініш. Кеше мен төтенше комиссияның өзім тұрып жатқан екі бөлмелі пәтерімді үш тәуліктің ішінде босатып беруді сұратқан қатынас қағазын алдым. Ол комиссияның шешім қабылдауға алған негізі: мен жалғыз басты екенмін. Жоқ, менің шаңырағымда 15 адам бар. Оның үстіне әйелім сырқат. Пәтерімнің мекен-жайы: Шумилев көшесіндегі Совнаркомның үсті, 1-үй, 1-пәтер. 26.11.1927 жыл» [9]. Бұл қуғын-сүргін шаралары 1928 жылы 27 тамызда Қазақ Орталық Атқару Комитетінің қаулысымен ірі байлардың дүние-мүлкін тәркілеу ісі қолға алынған кезде жаппай жүргізілді. Сөйтіп, осы кезде Алашорда оппозициясын халық көтерілістері мен қозғалыстарының дем берушісі және ұйымдастырушысы болады деп қауіптеніп, оларды түрмеге қамауды ұйғарды.

1928 жылы 16 қазанда Семей қаласында ГПУ қызметкерлері Республиканың Мемлекеттік жоспарлау алқасының мүшесі, бұрынғы Алашорда үкіметінің басшыларының бірі Халел Ғаббасұлын тұтқынға алды. Оған: «Биылғы жылғы 27 тамыздағы Қазақ ОАК декретіне сай байлардың дүние-мүлкін тәркілеуді жүргізу жөніндегі науқанды болдырмау және бұл саясатқа қарсы бағытталған әрекеттерді жасаушы» [9], – деген айыптар тағылды. Құжат соңында Х. Ғаббасұлының өз қолымен жазылған: «Бұл қаулы маған хабарланды, өзімді кінәлімін деп есептемеймін» [9], – деген сөйлем тұр.

Қызылорда қаласында Алаш қозғалысының бұрынғы белсенді мүшесі, қазақ драма театрының директоры Дінмұхамед Әділов тұтқынға алынды. 1928 жылы желтоқсанда басталған тергеуде ГПУ тергеушілері Д. Әділовтен Алашордашылардың кеңестік уақытта жүргізген контрреволюциялық әрекеттері туралы істі ұйымдастыруға қажетті негіз болатын жауаптарды қинау әдісімен алуға қол жеткізді. Істе 1921 жылдан бастап жүргізіліп келе жатқан Алашордашылар құрған астыртын контрреволюциялық ұйымдар туралы бір-біріне қарама-қайшы келетін және күмәнді жауаптар пайда болды. Д. Әділовтің еш жерде расталмаған жауаптарының негізінде Алаш қозғалысының басшылары мен белсенділері бастаған 44 адам қамауға алынды. Олардың ішінде А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, Ж. Аймауытұлы, М. Жұмабайұлы, М. Есболұлы, Х. Ғаббасұлы, т.б. болды.

ГПУ алқасының 1930 жылғы 4 көкектегі қаулысымен 44 арыстың 13-і ату жазасына, 14-і 10 жылға концлагерлерге, 15 адам 3 жылдан 6 жыл аралығына дейінгі мерзімге қамауға алынып, 2 адам тергеу барысында қаза тапты. Солардың бірі Халел Ғаббасұлы 1931 жылы Мәскеу түрмесінде жазықсыз жаланың құрбаны болды [9].

Бүгінде Шығыс Қазақстан облысы, Үржар ауданы, Қарақол ауылында Алаш қайраткері Халел Ғаббасұлының немере інісі Берікбол Әділхасенұлы Баязитов тұрады. Берікбол ақсақалдың жасы 80-ге келіп қалды. Өртүрлі қызмет атқарған ақсақал қажылыққа барып келген, Қарақол ауылында өз қаржысынан мешіт салдырған. 4 ұл, 2 қызды жан жары Әнибала апамызбен бірге тәрбиелеп, өсірді. Қазіргі таңда балалары бір-бір қызметкер.

Алаш арысы Халел Ғаббасұлынан тікелей ұрпақ қалмаған. Әйелі Рәмиадан туған Зәбен және Қадыр атты ұлдары болды. Зәбен соғыс кезінде қайтыс болған, отбасын құрмаған. Ал екінші ұлы Қадыр соғыстан бір қолы кем болып келген. Үйленген, бірақ бел баласы болмаған. Шамамен 1980 жылдары қайтыс болған.

Біздің қолымызға Халелдің әйелі Рәмиа мен ұлы Қадырдың фотосуреттері түсті. Оны Бәтима ападан алдық. Батима - Молдабайдың ұлы Исатайдың келіні. Дәлірек айтсақ, Ахметжанның қызы Жәмкеден туған Әнуарбектің бәйбішесі. Батима апамыз Алматы қаласында тұрған. Жасы 80-нен асқан. 2016 жылы көктемде дүниеден өтті. Жәмке - Халелдің қарындасы, Исатайдың әйелі. Жәмке апамыздың Әнуарбекен басқа Қайша деген қызы болған. Осы Қайшадан туған 70-тен асқан Манел де Алматы қаласында тұрған, 2016 жылы қазанда дүниеден өтті.

Манел апамыздың берген деректері бойынша арғы аталары Ғаббастың Батырша деген ұлынан Мұхаметжан туған. Мұхаметжан Шыңғыстаудағы Шаған болысында белді адамдардың бірі. Қажылыққа барып келген. Елі оны «Мақа қажы» деп атаған. Осы Мақа қажының 3 әйелінен 33 перзенті болған. Бәйбішесінен туған тұңғыш ұлы Ахметжаннан алаш арысы Халел туады. Халелдің Араб деген інісі, Жәмке, Рабиға атты қарындастары болған. Інісі Ғаббасов Араб Мақаұлы (1903-2002) – ауыл шаруашылық ғылымдарының докторы, 1946 жылдан Қазақстан академиясының корреспондент-мүшесі, шөлді игеру институтының директоры болған.

Мақаламызда арнайы қарастырылған Халел Ғаббасұлының ұлтжанды қайраткерлік ғұмырбаянының әдеби-көсемсөздік мұрасын оның Алаш қозғалысы және «Сарыарқа» газетіндегі еңбектерімен байланыстырып, мынадай қорытынды пікірлерге топтастырдық.

*Бірінші*, Халел Ғаббасұлының шәкірттік, студенттік шағында қоғамдық-саяси күреске араласуы – болашақ Алаш арысының ұлт азаттық жолындағы шыңдалу мектебі болды;

*Екінші*, Халел Ғаббасұлының ұлтжанды қайраткер азамат болып қалыптасуына Мәскеу университетіндегі студенттердің саяси ереуілі, халқының бодандық бұғаудағы тарихы мен күйі әсер етті.

*Үшінші*, алаш арыстары мен Абай тағылымының ұйытқысы болған Семейлік әдеби, қоғамдық-саяси орта оның санасына азаттық танымдарын ұялатты.

*Төртінші*, Халел Ғаббасұлының әдеби-көсемсөздік мұралары – ұлттық элитаның саяси-қоғамдық көзқарастарының айнасы және ұлттық әдеби-публицистикалық жанрдың жиырмасыншы жылдардағы көркемдік жетістіктерінің көрсеткіші.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің мұрағаты. 1494-іс, 315-316 п.
- 2 Қазақстан Республикасы Орталық Мұрағат Ақпараты. 15 қор, 2-тізбе, 423-іс, 19-парақ.
- 3 Тәбәріков С. Қайран Мәннан. / С. Тәбәріков - Семей: Үш биік, 2003. - 213 б.
- 4 Сейфуллин С. Тар жол, тайғақ кешу. / С. Сейфуллин - Алматы: Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1960. - 486 б.
- 5 Алаш қозғалысы идеясының Еуразия кеңістігіндегі ықпалы: тарих және қазіргі кезең. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Семей, 2008. - 249 б.
- 6 Ғаббасұлы Х. Алаш автономиясы / Х. Ғаббасұлы // Сарыарқа. 28.01.1918.
- 7 Хабарлар // Сарыарқа. - 1917. - №19.
- 8 Байтұрсынұлы А. Ақ жол. / Құр: Рымғали Нұрғали. - Алматы: Ана тілі, 1991. - 386 б.
- 9 Қазақстан Республикасы Орталық Мұрағат Ақпараты. 5-қор, 240-іс.
- 10 Алаш-Орда: Сборник документов / Сост.: Н. Мартыненко. - Алма-Ата: Малое издательство «Айқап», 1992. - 185 с.

**Р.Т. Садыкова**

*Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, Семей, Казахстан*

### **Халел Ғаббасов: Школа жизни и развития**

**Аннотация.** В статье представлены данные о государственном деятеле правительства Алашорды, редактора газеты «Сарыарқа», первого выпускника физико-математического факультета МГУ им. В. Ломоносова Халел Ахметжанович Ғаббасова и династий Ғаббасовых.



Сейчас в селе Каракол Урджарского района Восточно-Казахстанской области живет племянник Халила Габбасова Баязитов Берикбол Адильхасенулы. Отец Берикбола - Адильхасен Баязитов является двоюродным братом Халела Габбасова. 2016 году мне посчастливилось встретиться и побеседовать с Берикбол аксакалом.

**Ключевые слова:** Алаш, автономия Алаш, газета «Сарыарқа», редактор, государственный деятель, потомки.

**Sadykova R.T.**

*Kazakh Humanitarian Law Innovative University, Semey, Kazakhstan*

### **Khalel Gabbasov: School of life and development**

**Annotation.** The article presents the first Kazakh Khalel Akhmetzhanovich Gabbasov and the Dynasty of the Gabbasovs, the prominent statesman of the government of Alashorda, the editor of the newspaper «Saryarka», the first graduate of the faculty of Physics and Mathematics in Moscow State University named after V. Lomonosov.

Now Khalil Gabbasov's nephew Bayazitov Berikbol Adilhasenuly lives in Karakol village of Urdzhar region, East Kazakhstan. Berikbol's father - Adilkhasen Bayazituly is a cousin of Khalil Gabbasov. I was lucky to meet and talk with Berikbol in 2016.

**Keywords:** Alash, Alash autonomy, newspaper «Saryarka», the editor, statesman, descendants

### **References**

- 1 Qazaqstan Respwblıkası Ultıq Qawıpsızdıq Komıtetınıń muraǵatı [Archives of the National Security Committee of the Republic of Kazakhstan]. 1494 case, P. 315-316. [in Kazakh]
- 2 Qazaqstan Respwblıkası Ortalıq Muraǵat Aqparatı [Central Archive of the Republic of Kazakhstan], 15 foundations, 2nd row, 423 case, 19 p. [in Kazakh]
- 3 Täbärikov S. Qayran Männan [Soul is from Mann]. (Üş bük, Semey, 2003, 213 p.). [in Kazakh]
- 4 Seyfwllin S. Tar jol, tayǵaq keşw [Narrow road, slippery]. (Qazaq memlekettik körkem ädebiet baspası, Almaty, 1960. 486 p.). [in Kazakh]
- 5 Alaş qozǵalıı ideyasınıń Ewraziya keńistigindegi ıqpalı: tarix jäne qazirgi kezeń [Influence of Alash movement idea in Eurasian space: history and modernity]. Xalıqaralıq ğılımı-praktikalıq konferenciya materıaldarı [Materials of international scientific-practical conference]. (Semey, 2008, 249 p.). [in Kazakh]
- 6 Ğabbasuly X. Alaş avtonomıyasy [Alash autonomy]. (Sarıarqa, 28.01.1918.). [in Kazakh]
- 7 Xabarlar [Posts]. // Sarıarqa. 1917. №19. [in Kazakh]
- 8 Baytursınılı A. Aq jol [White Road]. / Qur: Rımǵalı Nurǵalı [Creation: Rymgali Nurgali]. (Ana tili, Almaty, 1991, 386 p.). [in Kazakh]
- 9 Qazaqstan Respwblıkası Ortalıq Muraǵat Aqparatı [Central Archive of the Republic of Kazakhstan]. (5-qor, 240-is). [in Kazakh]
- 10 Alash-Orda: Sbornik dokumentov [Alash-Orda: Collection of documents] / Sost.: N. Martynenko [Comp.: N. Martynenko]. (Maloye izdatel'stvo «Aykar», Alma-Ata, 992. 185 p.). [in Russian]

### **Автор туралы мәлімет:**

**Садықова Р.Т.** - PhD докторант, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей, Қазақстан.

**Sadykova R.T.** - PhD student, Kazakh Humanitarian Juridical Innovative University, Semey, Kazakhstan.

**«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы.  
Филология сериясы» журналында мақала жариялау ережесі**

**1. Журналдың мақсаты.** Филология ғылымдарының өзекті мәселелерін, тіл және әдебиетті оқыту әдістемелерін және де ғылыми конференциялардың ең маңызды материалдарын, библиографиялық шолу мен сын пікірлерді көрсететін әдебиеттану және тілтану саласындағы мұқият тексеруден өткен түпнұсқа ғылыми жұмыстарды жариялау.

**2. Журналда мақаланы жариялаушы автор** Ғылыми басылымдар бөліміне (*мекен-жайы: 010008, Қазақстан, Астана қаласы, Қ. Сәтпаев көшесі, 2, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Бас ғимарат, 408 кабинет*) қолжазбаның қол қойылған 1 дана қағаз нұсқасын тапсыру және **Word** форматындағы нұсқасын **vest\_phil@enu.kz** электрондық поштасына жіберу қажет. Қағазға басылған мақала мәтіні мен электронды нұсқасы бірдей болулары қажет. Мақаламен бірге автордың жұмыс орнынан **Ілеспе хат** та тапсырылуы қажет. Мақалалар **қазақ, орыс, ағылшын** тілдерінде қабылданады.

**3. Авторлардың редакцияға мақалаларды жіберуі «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысында» басуға және шет тіліне аударып, қайта басуға келісімін білдіреді.** Автор мақаланы редакцияға жіберу арқылы өз туралы мәліметтің дұрыстығына, мақала көшірілмегендігіне (плагиаттың жоқтығына) және басқа да заңсыз көшірмелердің жоқтығына, барлық көшірмелердің, кестелердің, сұлбалардың, иллюстрациялардың тиісті түрде рәсімдеуіне кепілдеме береді.

**4. Ұсынылатын мақала көлемі** (жекедеректер мен әдебиеттер тізімін қоса):

- мақалалар үшін - 8 ден 16 бетке дейін;
- сын пікірлер (монографияға, кітапқа) және конференция туралы пікір - 6 дан 12 бетке дейін.

**5. Мақала мәтінінің пішіні:**

- **Microsoft Word** (docx) форматындағы файлда;
- **Times New Roman** шрифінде;
- жақтау жолағы 2x2x2x2;
- 1,5 жоларалық интервалы;
- 14 кегл;
- мәтінді жақтау көлеміне сәйкестендіру керек;
- Әрбір азатжол қызыл сызықтан басталуы қажет (1 см шегініс);
- **транслитерация** Library of Congress (LC) жүйесінде жасалуы керек.

**Мақаланы құру сұлбасы:**

**XҒТАР** <http://grnti.ru/> - бірінші жолдың сол жақтауында;

**Автор(лар) туралы метамәліметтердің мазмұны** (Рәсімдеу үлгісі / Образец оформления статьи / Template қараңыз)

**Автор(лар)дың аты-жөні** – жолдың ортасында **қою әріппен** жазылады;

**Мекеменің толық атауы, қаласы, мемлекеті** (егер авторлар әртүрлі мекемелерде жұмыс істесе, онда автордың тегі мен тиісті мекеменің қасында бірдей белгіше қойылады) Автор(лар)дың **E-mail**-ы – жақша ішінде (*курсивпен*);

**Мақала атауы** – жолдың ортасында (жартылай қоюмен)

**Аңдатпа** – (100-200 сөз) формуласыз, мақаланың атауын мейлінше қайталамауы қажет; әдебиеттерге сілтемелер болмауы қажет; мақаланың құрылысын (кіріспе, зерттеу әдіснамасы мен әдістемесі, зерттеу нәтижелері, қорытынды) сақтай отырып, мақаланың қысқаша мазмұны берілуі қажет.

**Түйін сөздер** («Түйін сөздер» сөз тіркесі **жартылай қоюмен** белгіленеді) (5-8 сөз немесе сөз тіркестері) - Түйін сөздер зерттеу тақырыбын өте дәл бейнелеу керек, сонымен қатар, ақпараттық-ізвестіру жүйелерінде мақаланы жеңіл табуға мүмкіндік беретін мақала мәтінінің терминдерін және де басқа маңызды ұғымдарды қамтуы қажет.

**Мақаланың негізгі мәтіні** кіріспені, мақсат пен міндеттерді қоюлуын, зерттеу тақырыбы бойынша жұмыстардың шолуын, зерттеу әдістерін, нәтижелер/талқылау қорытынды қамтуы қажет (жоларалық интервал - 1, азат жол «қызыл жолдан» - 1 см, беттеу жолағы – еніне сай жасалады.

**Кестелер, суреттер** – аталғаннан кейін орналастырылады. Әр иллюстрация қасында оның аталуы болуы қажет. Сурет айқын әрі сканерден өтпеген болуы керек.

Мақаладағы формулалар тек мәтінде оларға сілтеме берілсе ғана нөмірленеді.

Жалпы қолданыста бар аббревиатуралар мен қысқартулардан басқаларына міндетті түрде алғаш қолданғанда түсініктеме берілуі қажет.

Қаржылай көмек туралы ақпарат бірінші бетте көрсетіледі.

**Әдебиеттер тізімі.** Мәтінде әдебиеттерге сілтеме тікжақшаға алынады. Мәтіндегі әдебиеттер тізіміне сілтемелердің нөмірленуі мәтінде қолданылуына қатысты жүргізіледі: мәтінде кездескен әдебиетке алғашқы сілтеме [1, 153 б.] арқылы, екінші сілтеме [2, 185 б.] арқылы т.с.с. жүргізіледі. Мақаланың негізгі мәтініндегі кітапқа сілтеме қолданылған беттерді көрсету керек (мысалы, [1, 45 б.].

Жарияланбаған еңбектерге сілтемелер жасалмайды. Сонымен қатар, рецензиядан өтпеген басылымдарға да сілтемелер жасалмайды (әдебиеттер тізімін, әдебиеттер тізімінің ағылшынша әзірлеу үлгісін төмендегі мақаланы рәсімдеу үлгісінен қараңыз).

Мақала соңындағы әдебиеттер тізімінен кейін библиографиялық мәліметтер орыс және ағылшын тілінде (егер мақала қазақ тілінде жазылса), қазақ және ағылшын тілінде (егер мақала орыс тілінде жазылса), орыс және қазақ тілінде (егер мақала ағылшын тілінде жазылған болса) беріледі.

**Авторлар туралы мәлімет:** аты-жөні, ғылыми атағы, қызметі, жұмыс орны, жұмыс орнының мекенжайы, телефон, e-mail – қазақ, орыс және ағылшын тілінде толтырылады.

**6. Қолжазба мұқият тексерілген болуы қажет.** Техникалық талаптарға сай келмеген қолжазбалар қайта өңдеуге қайтарылады. Қолжазбаның кейін қайтарылуы, оның журналда басылуына жіберілуін білдірмейді.

**7. Электронды корректурамен жұмыс істеу.** Ғылыми басылымдар бөліміне түскен мақалалар жабық (анонимді) тексеруге жіберіледі. Эксперттер ұсынылған мақалаға оның жариялау мүмкіндігі, жақсарту қажеттілігі немесе қабылданбауы туралы дәлелді қорытындысын қамтитын жазбаша сын пікір береді. Жарамсыз деп таныған мақала қайтара қарастырылмайды. Мақаланы түзетуге ұсыныс берген жағдайда авторлар үш күн аралығында мақаланың корректурасын жіберу керек. Мақаланың түзетілген нұсқасы мен автордың рецензентке жауабы редакцияға жіберіледі. Оң сын пікірлер алған мақалалар оларды талқылау және басылымға бекіту үшін журналдың редакциялық алқасына ұсынылады.

**Журналдың басылым жиілігі:** жылына 4 рет.

**8. Төлемақы.** Басылымға рұқсат етілген мақала авторларына келесі реквизиттер бойынша төлем жасау қажет (ЕҰУ қызметкерлері үшін - 4500 тенге; басқа ұйым қызметкерлеріне - 5500 тенге).

#### **Реквизиттері:**

1) АО «Банк ЦентрКредит»  
БИК банка: KСJBKZKX  
ИИК: KZ978562203105747338 (KZT)  
Кнп 861  
Кбе 16

2) АО «Bank RBK»  
Бик банка: KINCKZKA  
ИИК: KZ498210439858161073 (KZT)

3) АО «ForteBank»  
БИК Банка: IRTYKZKA  
ИИК: KZ599650000040502847

**«Мақала үшін, автордың АТЫ-ЖӨНІ»**

## Provisions on articles submitted to the journal “Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series”

**1. Goal of the journal.** Publication of carefully selected original scientific papers in the fields of literary studies, linguistics, reflecting the actual problems of philology, language and literature teaching methods, most significant proceedings of scientific conferences, bibliographic summaries and reviews.

**2. An author who wishes to publish a paper in the journal must submit the paper in one hard copy (printed version),** signed by the author, to the scientific publication office (at the address: 010008, the Republic of Kazakhstan, Astana, Satpayev St., 2. The L.N. Gumilyov Eurasian National University, Main Administrative Building, Office 408) and by e-mail **vest\_phil@enu.kz** in **Word** format. At the same time, strict compliance between Word-version and the hard copy is required. And also the authors need to submit a cover letter.

**Language of publications:** Kazakh, Russian, English.

**3.** Submission of papers to the scientific publication office means the authors' consent to the right of the Publisher, the L.N. Gumilyov Eurasian National University, to publish papers in the journal and their re-publication in any foreign language. By submitting the text of the paper for publication in the journal, the author guarantees the correctness of all information about themselves, lack of plagiarism and other forms of unauthorized use in the article, proper formulation of all borrowings of text, tables, diagrams, and illustrations.

**4. The recommended volume of the paper (including metadata and references):**

- for papers – between 8-16 pages;
- for reviews (of monographs, books), reviews on conferences – between 6-12 pages.

**5. Text formatting requirements:**

- Microsoft Word file format (docx);
- Times New Roman font;
- the size of the fields 2 \* 2 \* 2 \* 2;
- line spacing 1,0;
- size 14;
- text alignment in width;
- each paragraph beginning with the main line (indent 1 cm);
- transliteration is carried out according to the Library of Congress (LC) system.

**Structure of the article:**

**IASTI** <http://grnti.ru/> – first line, left

The content of the metadata about the author (see Рәсімдеу үлгісі / Paper template)

Initials and Surname of the author (s) – center alignment, italics

Full name of the affiliation, city, country (if the authors work in different organizations, you need to put the same icon next to the name of the author and the corresponding organization)

**Author's e-mail (s)** – in brackets (italics)

**Paper title** – center alignment (bold)

**Abstract (100-200 words)** must not contain formulas or repeat the content of the paper; it must not contain bibliographic references; it must reflect the summary of the paper, preserving the structure of the paper – introduction, methodology and research methods, research results, conclusion.

**Key words** (the phrase «Keywords» is bold) (5-8 words/word groups). Keywords must be extremely accurate to reflect the subject area of the study, include terms from the text of the paper and other important concepts that make it possible to facilitate and expand the possibilities of finding the paper by means of an information retrieval system).

The main text of the paper must contain an introduction, setting goals and objectives, a review of works on the research topic, research methods, results / discussions conclusion / conclusions – line spacing – 1, «main line» indent – 1.25 cm, justified alignment.

Tables, figures must be placed after the mention. Each illustration must be followed by the inscription. Figures should be clear, clean, and unscanned. Only those formulas referenced in the text are subjected to numbering.

All abbreviations and shprtenings, with the exception of obviously well-known, must be decoded when first used in the text.

Information about the financial support of the work is indicated on the first page in the form of a footnote.

**References.** In the text, references are indicated in square brackets. References must be numbered strictly in the order of mention in the text. The first reference in the text to a reference must have the number [1, 153 p.], the second – [2, 185 p.], Etc. The reference to the book in the main text of the article should be accompanied by an indication of the pages used (for example, [1, 45 p.]). Links to unpublished works are not allowed. Undesirable references to unlicensed publications are not recommended (examples of the description of the list of references, descriptions of the list of references in English, see below in the sample article).

**At the end of the paper,** after the list of references, it is necessary to indicate bibliographic data in Russian and English (if the paper is in Kazakh), in Kazakh and English (if the paper is in Russian) and in Russian and Kazakh (if the paper is in English language).

**Information about the authors:** last name, first name, patronymic, scientific degree, position, affiliation, full business address, telephone, e-mail – in Kazakh, Russian and English.

**6. The manuscript must be carefully verified.** Non-compliant manuscripts will be returned for revision. Returning for revision does not mean that the manuscript has been accepted for publication.

**7. Work with electronic proofreading.** Papers submitted to the Department of Scientific Publications (editing office) are sent for anonymous review. Experts give a written review of the submitted paper with a reasoned conclusion about the possibility of its publication, the need to send for revision or (rejection) of the paper. Papers that have received a negative review are not accepted for reconsideration. Authors should, within three days, send the proofreading of the paper if it is decided to finalize the paper. Corrected versions of papers and the author's response to the reviewer are sent to the editor. Papers with positive reviews are submitted to the editorial board of the journal for discussion and approval for publication.

**Periodicity of the journal:** 4 times a year.

**8. Payment.** Authors who have received a positive opinion on publication must pay to the following banking details (for ENU employees – 4,500 KZT, for outside organizations – 5,500 KZT):

#### **Реквизиты:**

1) АО «Банк ЦентрКредит»  
БИК банка: КСJBKZKX  
ИИК: KZ978562203105747338 (KZT)  
Кнп 861  
Кбе 16

2) АО «Bank RBK»  
Бик банка: KINCKZKA  
ИИК: KZ498210439858161073 (KZT)

3) АО «ForteBank»  
БИК Банка: IRTYKZKA  
ИИК: KZ599650000040502847

*«For the publication, Name of the author»*

## **Положение о рукописях, представляемых в журнал «Вестник Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева. Серия Филология»**

**1. Цель журнала.** Публикация тщательно отобранных оригинальных научных работ в области литературоведения и языкознания, отражающих актуальные проблемы филологических наук, методы преподавания языка и литературы, а также наиболее значимые материалы научных конференций, библиографические обзоры и рецензии.

**2. Автору, желающему опубликовать статью в журнале,** необходимо представить рукопись в твердой копии (распечатанном варианте) в одном экземпляре, подписанном автором, в Отдел научных изданий (по адресу: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Сатпаева, 2, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Учебно-административный корпус, каб. 408) и по e-mail [vest\\_phil@enu.kz](mailto:vest_phil@enu.kz). При этом должно быть строго выдержано соответствие между Word-файлом и твердой копией. А также авторам необходимо представить **сопроводительное письмо**.

**Язык публикаций:** казахский, русский, английский.

**3. Отправление статей в редакцию означает согласие авторов на право Издателя** – Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева – публикации статей в журнале и переиздания их на любом иностранном языке. Представляя текст работы для публикации в журнале, автор гарантирует правильность всех сведений о себе, отсутствие плагиата и других форм неправомерного заимствования в рукописи, надлежащее оформление всех заимствований текста, таблиц, схем, иллюстраций.

**4. Рекомендованный объем** (включая метаданные и список литературы):

- для статей – от 8 до 16 страниц;
- для рецензий (на монографии, книги), отзывов о конференциях – от 6 до 12 страниц.

**5. Требования к форматированию текста:**

- формат файла Microsoft Word (docx);
- шрифт Times New Roman;
- размер полей 2\*2\*2\*2;
- междустрочный интервал 1,0; – кегль 14;
- выравнивание текста по ширине;
- каждый абзац должен начинаться с красной строки (отступ 1 см);
- транслитерация осуществляется по системе Library of Congress (LC).

**Схема построения статьи:**

**ГРНТИ** <http://grnti.ru/> – первая строка, слева

**Содержание метаданных об авторе** (см. Рәсімдеу үлгісі/Образец оформления статьи/ Template)

**Инициалы и фамилия автора(ов)** – выравнивание по центру (начертание курсивом)

**Полное наименование организации, город, страна** (если авторы работают в разных организациях, необходимо поставить одинаковый значок около фамилии автора и соответствующей организации)

**E-mail автора(ов)** – в скобках (начертание курсивом)

**Название статьи** – выравнивание по центру (начертание полужирным)

**Аннотация** (100-200 слов) не должна содержать формулы, по содержанию повторять название статьи; не должна содержать библиографические ссылки; должна отражать краткое содержание статьи, сохраняя структуру статьи – введение, методологию и методику исследования, результаты исследования, заключение.

**Ключевые слова** (словосочетание «Ключевые слова» выделяется полужирным) (5-8 слов/словосочетаний). Ключевые слова должны предельно точно отражать предметную область исследования, включать термины из текста статьи и другие важные понятия, позволяющие облегчить и расширить возможности нахождения статьи средствами информационно-поисковой системы).

**Основной текст** статьи должен содержать введение, постановку цели и задач, обзор работ по теме исследования, методы исследования, результаты/обсуждение, заключение/выводы – межстрочный интервал – 1, отступ «красной строки» – 1,25 см, выравнивание по ширине.

**Таблицы, рисунки** необходимо располагать после упоминания. С каждой иллюстрацией должна следовать надпись. Рисунки должны быть четкими, чистыми, несканированными. В статье нумеруются лишь те формулы, на которые по тексту есть ссылки.

Все аббревиатуры и сокращения, за исключением заведомо общеизвестных, должны быть расшифрованы при первом употреблении в тексте.

Сведения о финансовой поддержке работы указываются на первой странице в виде сноски.

**Список литературы.** В тексте ссылки обозначаются в квадратных скобках. Ссылки должны быть пронумерованы строго по порядку упоминания в тексте. Первая ссылка в тексте на литературу должна иметь номер [1, 153 с.], вторая - [2, 185 с.] и т.д. Ссылка на книгу в основном тексте статьи должна сопровождаться указанием использованных страниц (например, [1, 45 с.]). Ссылки на неопубликованные работы не допускаются. Нежелательны ссылки на нецензурируемые издания (примеры описания списка литературы, описания списка литературы на английском языке см. ниже в образце оформления статьи).

В конце статьи, после списка литературы, необходимо указать библиографические данные на русском и английском языках (если статья оформлена на казахском языке), на казахском и английском языках (если статья оформлена на русском языке) и на русском и казахском языках (если статья оформлена на английском языке).

Сведения об авторах: фамилия, имя, отчество, научная степень, должность, место работы, полный служебный адрес, телефон, e-mail – на казахском, русском и английском языках.

**6. Рукопись должна быть тщательно выверена.** Рукописи, не соответствующие техническим требованиям, будут возвращены на доработку. Возвращение на доработку не означает, что рукопись принята к опубликованию.

**7. Работа с электронной корректурой.** Статьи, поступившие в Отдел научных изданий (редакция), отправляются на анонимное рецензирование. Эксперты дают письменную рецензию на представленную статью с мотивированным заключением о возможности ее опубликования, необходимости направить на доработку или (отклонении) статьи. Статьи, получившие отрицательную рецензию, к повторному рассмотрению не принимаются. Авторам в течение трех дней необходимо отправить корректуру статьи в случае принятия решения о доработке статьи. Исправленные варианты статей и ответ автора рецензенту присылаются в редакцию. Статьи, имеющие положительные рецензии, представляются редколлегии журнала для обсуждения и утверждения для публикации.

**Периодичность журнала:** 4 раза в год.

**8. Оплата.** Авторам, получившим положительное заключение к опубликованию, необходимо произвести оплату по следующим реквизитам (для сотрудников ЕНУ – 4500 тенге, для сторонних организаций – 5500 тенге):

#### **Requisites:**

- |   |  |
|---|--|
| 1) АО «Банк ЦентрКредит»<br>БИК банка: КСJBKZKX<br>ИИК: KZ978562203105747338 (KZT)<br>Кнп 861<br>Кбе 16 | 2) АО «Bank RBK»<br>Бик банка: KINCKZKA<br>ИИК: KZ498210439858161073 (KZT) |
|   | 3) АО «ForteBank»<br>БИК Банка: IRTYKZKA<br>ИИК: KZ599650000040502847      |

*«За публикацию ФИО автора»*

**Редактор: Дихан Қамзабекұлы**  
Шығарушы редактор: І.Р. Құрманғалиев  
Дизайн: Ілияс Рысбекұлы

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің**  
**ХАБАРШЫСЫ. Филология сериясы.**  
- 2019. - 1 (126). - Астана: ЕҰУ. 202-б.  
Шартты б.т. - 18,0   Таралымы - 35 дана

Мәтін мазмұнына типография жауап бермейді.

Редакция мекенжайы: 010008, Қазақстан Республикасы,  
Астана қаласы, Қ. Сәтбаев көшесі, 2.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31-413)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің  
баспасында басылды